

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ақбұлақ жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі туралы ақпарат.

2023-2024 оқу жылында «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» КММ-нің қала мектептерімен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық арқылы ауыл мектептері білім алушыларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебіміз - өзіне қарасты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ақбұлақ жалпы білім беретін мектебі» КММ –нің дамуына ерекше назар аударып келеді.

Осы мектептің құрамындағы оқушылар санының аздығы, заттық-техникалық базаның әлсіздігі - тұлғалық- бағдарланған әдісті ескеретін және сапалы білім беруді қамтамасыз ететін бағдарлап оқытудың алғашқы дайындығын және кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан алдыға қойылған міндеттерді орындау үшін біріккен жұмыстар жүргізілді.

Мектептер туралы сынып саны, оқушы саны, мұғалім саны, мұғалімдердің сапалық құрамы, білім сапасы, үлгерім, біріккен сынып, бірнеше пәнді қатар оқытатын мұғалім саны, пән бірлестіктері, шығармашылық топ, МАД және ШО туралы мәліметтер жинақтап, зерделенді. Әдістемелік жұмыс - кіші әдістемелік кеңесті құру жұмысымен басталды.

Жоспарға сәйкес тоқсанда бір рет мектеп мұғалімдері үшін әдістемелік күн белгіленіп, өзекті мәселелерге байланысты түрлі тақырыпта оқу семинары, тренинг, дөңгелек үстел, семинар-практикум т.б. ұйымдастырылды. Онда оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бейінді, сыныптарда пәндерді топтастыра отырып, сабақтар өткізіп, қорытындысы семинар-тренинг түрінде зерделеніп отырды.

Педагог-мамандармен жұмыс.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Жылдық жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Директордың орынбасары	Оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіруді ұйымдастыру
2	Оқу үдерісіне мектеп мұғалімдерін жұмылдыруды ұйымдастыру	Қыркүйек	Мектеп директоры	Мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру
3	ШЖМ оқушыларынан	Қараша	Директордың	9-11 сынып

	және мұғалімдерінен сауалнама алу		орынбасары	оқушыларының білім алу деңгейін анықтау
6	Семинар және сессиялар ұйымдастыру	Жыл бойы	Директордың орынбасары	ШКМ мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру үшін
8	Жұмыс қорытындысы	Мамыр	Мектеп директоры	Жұмыстың нәтижелігін анықтау

Оң нәтижелер: оқу жылы бойы қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, жеке тұлғаға бағытталған сабақ жүргізу әдістемесін қолдану жұмысы жүргізілді. Педагог кадрлармен келесі әдістемелік жұмыстар лайықты деңгейде жүргізілді: мұғалімдердің біліктілік көтеру курсына уақытында өтуі, табысты аттестаттаудан өтуі, теориялық және әдістемелік семинарлардың өтуі; мұғалімдер белсенділігі, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуге, конкурстарға қатысуға деген ынтасы артуы; ӘБ пен әдістемелік кеңестер отырыстары тақырыбы негізгі проблемалық мәселелердің көрінісін береді. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің құзырлылығы мен әдістемелік дайындық деңгейі оқу-тәрбие үрдісінің барлық бағыттарына білікті басшылық қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде.

1. «Оқушыларды топтық жұмыс арқылы шығармашылыққа баулу» коучинг өткізді. Жауапты: ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Нурекешова Ж.С.

2. «Бүкіл әлем сөйлейді нақты ғылым тілінде» атты семинар ұйымдастырылды. Жауапты: директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары: Т.Ж.Байахмет

3. «Елжандылық ұлттық рухтың асқақ кепілі» тақырыбында дебат өткізілді. Жауапты: Какимжанова А.К.



Коучинг өткізу сәтінен



Дебат өткізу сәтінен

Жоғарыда жасалған жұмыстар негізінде мектеп педагогтер ұжымы алдына келесі міндеттер қойылып отыр:

- Жас мамандар мен тәжірибелі педагогтер арасында ынтымақтастық және өзара іскерлік қарым-қатынасын қалыптастыру, өз білімін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс жасауға ынталандыру;
- Мектеп мұғалімдерін авторлық бағдарлама, курстар, құралдар жасауға ынталандыру және қолдау көрсету;
- Оқу және әдістемелік жұмысты жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік әзірлемелер дайындап қолданысқа енгізу;
- Жоғары интеллектуалдық қабілетке ие балалармен жұмыс жүйесін енгізу;
- Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдап-қорыту және тарату жұмыстарын әрі қарай жалғастыру;
- Мұғалімдер мен оқушыларды ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру арқылы ғылыми-зерттеу жұмысына кеңінен тарту;
- Мұғалім жұмысына көмек көрсету мақсатындағы қажетті ақпараттық материалдармен әдістемелік кабинетті үнемі толықтыру;
- Педагогтердің кәсіби шеберлігі байқауларын ұйымдастыру;
Әдістемелік жұмыстарды жүйелі жүргізіп, жаңаша жоспарлау оқу-тәрбие үрдісінің сипаты мен мұғалімдердің шығармашылық деңгейлерінің артуына көп септігін тигізері сөзсіз.

*Орынд: Байахмет Т. Ж.
Тел: 7-26-22*